

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің «6D020700 – Аударма ісі» мамандығының докторанты Алпысбаева Айгүлдің философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Мағжан Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын) аудармаларының лингвомәдени аспектісі» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі аударматану ғылымында ұлттық әдебиетіміз бен мәдени рухани құндылықтарымызды жете бағалау бүгінгі күннің кезек күттірмес іс шараларының елеулісі.

Тәуелсіздігіміздің жетістігі, жемісі – әдебиеттегі ақтандақтарға ерекше ықылас қою, жаңаша бажайлау процесіне үлес ретінде Алпысбаева А. Философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «М.Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын) аудармаларының лингвомәдени аспектісі» атты диссертациялық жұмысын назарларыңызға ұсынып отыр.

Тақырыбы тың (өзектілік пен жаңашылдық сипаты) диссертация, демек жоғарыда айтқан пікірге сай – ақынның шығармашылығына тағы бір жаңаша – филологиялық көзқарас: аудару деңгейі, аударма сапасы, тәржімашылардың аудармашылық шеберлігі.

М.Жұмабаевтың туындыларының диссертация көлемінде монографиялық сипатта алғаш рет арнайы зерттеу нысанына алынуы ең *бірінші жаңалығы* деуге болады. Төрт тілдегі мәтіндерін салыстыра қарастыру зерттеудің табысынан саналады.

Қазақ аударматануында Мағжанның өлеңдер жинағындағы бейнелеу құралдарының орыс, түрік, ағылшын тілдеріне жеткізілудің *функционалдық-когнитивтік ерекшеліктері алғаш рет зерттеледі*.

Басқа тілге аударылғанда өзінің функциясы мен танымдық ерекшеліктерін өзгерткен көркемдік бейнелеу құралдары анықталған. Ұлттық нақыштағы сөздермен өрілген кестелеріне ерекше тоқталып, түсініктеме берілген.

Ауқымды да, күрделі еңбекте Алпысбаева А. біздің ғылымымызда бұрыннан қалыптасқан, әбден шырлана бастаған бірқатар үйреншікті әдіс тәсілдерден саналы түрде бойын аулақ салып, ғылымның жаңа, қазіргі әдістерін кеңінен қолданған.

Бұл Мағжан сынды ірі ақынның көркем сөз қолданудағы шеберлігін танытса, екінші жағынан оның ұлттық рухани менталитеті мен этномәдени

болмысының білгірі екендігін ашып көрсетуге кеңінен жол ашқан деуімізге әбден болады.

Зерттеуде методологиялық және теориялық негізі (дұрыс) анықталған, аударматанудағы басты теориялық фундаменталды еңбектер қажетті жерінде ұтымды пайдаланылған.

Алынған нәтижелер бір-бірімен буынды байланыста жүйелі бірлікте қарастырылып, өзара сабақтастық сипаттарын берік сақтаған.

Ішкі органикалық сабақтастыққа бағына отырып, әр тарауы күрделі мәселені айқындауға арналған.

Эмпирикалық аналитикалық талдауда, әсіресе ақынның туындыларының түпнұсқасы мен аударма вариантын салыстыра құрастыруы да тиісті жәрдемін тигізген. Зерттеудің осындай тиімді жақтарын бұдан әрі де тізбектей беруге болады, дегенмен, уақыт пен санаса отырып, пікірімізді жинақтай келе айтарымыз: Диссертация жұмысы аяқталған, мақсатына жеткен, қызға жасау жинағандай бәрі өз орнында орналасқан.

Алпысбаева А. іздену жұмысында зерттеудің теориялық, практикалық маңызы, жаңалығы, мақсаты, міндеттері, оларды шешу үшін қолданылған әдістері, ғылыми жаңалығы, ғылыми нәтижелері бәрі бәрі бар.

Сондықтан жоғарыда айтқандарымызды түйіндей келе бұл диссертациялық жұмыс маңызды және дәйекті өзектілікке ие болып тұр.

Қорғауға жіберуге лайық деп санаймын!!!

Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының
докторы, ҚазҰУ профессоры

С.А. Ашимханова

РАСТАЙМЫН
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова

« 22 » 11 2024 ж.ж.

